

БЕКІТІЛДІ  
KZ.МОНГУ-01 34 01-ЛУ

**«ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ»  
АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
мемлекеттік қызметтерін автоматтандырудың Ішкі жүйесі**

**Пайдаланушы нұсқаулығы**

**KZ.МОНГУ-01 34 01**

**(қағаз түрінде)**

**бет**

Нұр-Сұлтан, 2021 ж.

**АННОТАЦИЯ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру ішкі жүйесінің пайдаланушы нұсқаулығында ішкі жүйенің мақсатын және оның функциялары мен пайдалануға қойылатын талаптарды түсіну үшін қажетті ақпаратты сипаттайды.

Ішкі жүйенің функцияларын орындау үшін қажетті шарттар көрсетілген, онымен жұмыс сипаттамасы келтірілген, Ішкі жүйемен жұмыс істеу кезінде пайдаланушының әрекеттерінің реттілігі көрсетілген, жұмыс барысында берілген хабарламалардың мәтіндері, олардың мазмұны мен пайдаланушының тиісті әрекеттері сипатталған.

Осы құжат РД 50-34.698-90 «Әдістемелік нұсқаулар. Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар мен нұсқаулық құжаттар кешені. Автоматтандырылған жүйелер. Құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар» сәйкес әзірленді.

**МАЗМҰНЫ**

1. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
2. КІРІСПЕ .....	6
2.1.Қолдану аймағы.....	6
2.2.Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы .....	6
2.3.Пайдаланушының дайындық деңгейі .....	6
2.4.Пайдаланушы танысуы қажет пайдалану құжаттамасының тізбесі.....	6
3. мақсаты және қолдану шарттары .....	7
3.1.Автоматтандыру құралын автоматтандыруға арналған функциялар, қызмет түрлері. ....	7
3.2.Автоматтандыру құралдарын белгілемеге сай қолдануды қамтамасыз ететін шарттар .....	8
4. ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ .....	10
4.1.Дистрибутивтік деректерді тасымалдаушының құрылымы және құрамы	10
4.2.Деректер мен бағдарламаларды жүктеу тәртібі.....	10
4.3.Жұмыс істеуге қабілеттілігін тексеру тәртібі .....	10
5. ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....	12
5.1.Барлық орындалатын функциялардың, міндеттердің, міндеттер кешендерінің, процедуралардың сипаттамасы .....	12
5.2.Процесстерді орындау реттілігі.....	13
5.3.Қарапайым пайдаланушыны Ішкі жүйемен жұмыс істеуге дайындау.....	13
5.4.«Өтініштер журналы» модулі .....	17
5.5.Өтінішті өңдеу модулі .....	19
5.6.Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерінің мониторинг модулі .....	22
5.7.Пайдаланушы профилі .....	23
6. АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙЛАР.....	25
7. ЖҰМЫС ІСТЕУДІ ИГЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР.....	26
ҚОСЫМША 1 .....	38

**1. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Кесте 1. Қолданылған терминдер тізімі

<b>Термин</b>	<b>Анықтамасы</b>
Мемлекеттік қызмет	Көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.
Ақпараттық жүйені пайдаланушы	Ақпарат алу немесе басқа да міндеттерді шешу үшін ақпараттық жүйенің қызметтерін пайдаланатын тұлға (тұлғалар тобы, ұйым).
Көрсетілетін қызметті беруші	Орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар.
Көрсетілетін қызметті алушы	Орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар.
Электрондық үкімет	Мемлекеттік органдардың бірлескен ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып, ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға негізделген және азаматтар мен ұйымдарға қызметтер көрсетуге барынша бағдарланған үкімет пен жергілікті билік органдарының жұмыс істеу тетігі.

Кесте 2. Қысқартулар тізімі

<b>Қысқартулар</b>	<b>Толық нұсқасы</b>
МҚ АЖО	Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтерді көрсету функционалдығына қол жеткізуі үшін автоматтандырылған жұмыс орны

МҚ	Мемлекеттік қызмет (-тер)
ҚР БҒМ, Тапсырыс беруші	Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
ҰБДҚ, ҰДДҚ АЖ, Жүйе	«Ұлттық білім беру деректер қоры» АЖ
Ішкі жүйе	ҚР БҒМ ҰБДҚ МҚ автоматтандыру ішкі жүйесі
ББ АЖ	Білім бөлімі ақпараттық жүйесі
ББ қызметкері	Білім басқармасы қызметкері
ДК	Дербес компьютер (-лер)
ЭҮП	«Электрондық үкімет» порталы
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
ҚР ҰКО	Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы

## **2. КІРІСПЕ**

### **2.1.Қолдану аймағы**

Осы құжат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру ішкі жүйесінің (бұдан әрі – Ішкі жүйе) «Қызмет беруші» рөлі бар пайдаланушының нұсқаулығы болып табылады.

### **2.2.Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы**

Ішкі жүйеде іске асырылған функционалдылық «Өтініштер журналы» модульдері арқылы өтініштерді өңдеу, МҚ көрсету процестеріне мониторинг жүргізу және келесі негізгі процестерді орындау мүмкіндігін қолдайды:

- 1) МҚ алу үшін берілген өтінімдерді қарау;
- 2) МҚ алу үшін өтінімді қарастыру;
- 3) аралық, соңғы нақты шешімдер енгізу, МҚ көрсету нәтижесін қалыптастыру;
- 4) өтінімдерді қарау мерзімдерін бақылауды жүзеге асыру;
- 5) көрсетілген қызметті алушыларға хабарлама жіберу;
- 6) өтінімдерді қарау мәртебелеріне мониторингті жүзеге асыру.

Көрсетілетін қызметті алушының МҚ-мен жұмыс істеуі үшін барлық функционалдылық ЭҮП – да, көрсетілетін қызметті беруші үшін – Ішкі жүйеде қолжетімді.

### **2.3. Пайдаланушының дайындық деңгейі**

Осы нұсқаулықты ұсыну сипаты пайдаланушының Microsoft Windows операциялық жүйесімен, Microsoft Office бағдарламалық жасақтамасымен, қол жетімді браузермен (шектеусіз) және олармен жұмыс істеудің негізгі дағдыларына ие екенін білдіреді.

### **2.4. Пайдаланушы танысуы қажет пайдалану құжаттамасының тізбесі**

Ішкі жүйеде жүзеге асырылатын процесстерді толық түсіну үшін әкімшінің нұсқаулығымен танысу ұсынылады.

### **3. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ШАРТТАРЫ**

#### **3.1. Автоматтандыру құралын автоматтандыруға арналған функциялар, қызмет түрлері.**

Ішкі жүйенің сипатталған функционалдығы осы нұсқаулықтың 2.2-бөліміне сәйкес негізгі процестерді орындау мүмкіндігін қолдайды және МҚ-дің келесі топтарын көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің жұмысын автоматтандырады:

- 1) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау;
- 2) Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін құжаттар қабылдау;
- 3) «Болашақ» халықаралық стипендиясының стипендиаты ретінде оқуға баратындар үшін кепілдік хатын беру;
- 4) «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарына аванс беру;
- 5) «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиатының мәртебесі туралы анықтама беру;
- 6) «Болашақ» халықаралық стипендиясы стипендиаттарының міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған жылжымайтын мүлікке кепіл шартын беру, және оны тоқтату туралы хабарлама;
- 7) Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру;
- 8) «Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу" және "Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы төлеуді тағайындау»;
- 9) Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
- 10) Баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
- 11) Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою;
- 12) Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау;
- 13) Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- 14) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;
- 15) Білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы);
- 16) Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі (6 жасқа дейін) балаларды кезекке қою;
- 17) Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау;

18) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының және республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау;

19) Орта, оның ішінде республикалық маңызы бар мемлекеттік білім беру мекемелерінің басшыларын алмастыру конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау;

20) Негізгі орта, жалпы орта беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

21) Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау;

22) Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрі бойынша ауыстыру және қайта қабылдау;

23) Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету;

24) Кәсіптік жоғары білім бағдарламалары бойынша оқу үшін жоғары оқу орындарына құжаттарды қабылдау және тіркеу;

25) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алу үшін жоғары оқу орындарына қабылдау және тіркеу;

26) Академиялық оралымдылық шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау;

27) «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау»;

28) Білім беру саласындағы халықаралық шарттар шеңберінде шетелде оқу конкурсына қатысу үшін құжаттар қабылдау;

29) Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру;

30) Шетелде оқитын студенттерді тіркеу

### **3.2. Автоматтандыру құралдарын белгілемеге сай қолдануды қамтамасыз ететін шарттар**

Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің Ішкі жүйеде жұмысты автоматтандырылған режимде іске асыруы үшін мынадай шарттар сақталуы тиіс:

– Пайдаланушының жұмыс орны 2 Гб-тан төмен емес жедел жадымен, процессордың сағат жиілігі 2 ГГц-тен төмен емес, экран ажыратымдылығы 1280x1024-тен төмен емес монитормен жабдықталған болуы тиіс.

– Дербес компьютерге Firefox, Google Chrome интернет-браузері NSALayer ЭЦҚ (заңды тұлғаға арналған) жұмыс істеуге арналған қосымша орнатылуы тиіс;



- Қажет болған жағдайда компьютер А4 форматындағы құжаттарды басып шығару үшін принтерге қол жеткізе алуы керек.
- Ішкі жүйеде авторизациялау/аутентификациялау үшін тіркеулік жазбаның болуы/ ЭЦҚ (заңды тұлғаға арналған) кілтінің болуы қажетті.
- Пайдаланушы Microsoft Windows операциялық жүйесін, Microsoft Office бағдарламалық жасақтамасын білуі және олармен жұмыс істеудің негізгі дағдыларын игеруі керек.

## 4. ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

### 4.1. Дистрибутивтік деректерді тасымалдауыштың құрылымы және құрамы

Дистрибутивтік деректерді тасымалдауышты сипаттау орнату және конфигурациялау нұсқаулығында келтірілген.


### 4.2. Деректер мен бағдарламаларды жүктеу тәртібі

Деректер мен бағдарламаларды жүктеу тәртібі Ішкі жүйені орнату және конфигурациялау нұсқаулығында келтірілген.

### 4.3. Жұмыс істеуге қабілеттілігін тексеру тәртібі


Егер 3.2-тармақта сипатталған шарттар орындалса, онда пайдаланушыға браузердің мекенжай жолында <https://es.iac.kz/> жолын теру арқылы бетті ашу жеткілікті.

Егер Ішкі жүйенің авторизациялау терезесі ашылса (Сурет 1), онда Ішкі жүйе жұмыс істеуге дайын, яғни Ішкі жүйе жұмыс істеуге қабілетті болып саналады.



Сурет 1. Авторизациялау терезесі

Егер ішкі жүйені авторизациялау терезесі ашылмаса, яғни 1-суретте көрсетілген терезенің орнына қате туралы хабарлама бар терезе пайда болады, яғни сервер қандай да бір себептермен қол жетімді емес. Мұндай хабарламаның мысалы 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Жүйе қолжетімсіз болған кездегі браузер хабарламасы

Егер авторизациялау терезесі ашылмаса, сервердің қол жетімсіздігінің себептерін анықтау керек. Осы себепті анықтау үшін, әкімшіге Ішкі жүйені төмендегідей тексеру үшін жүгіну қажет:

1. Браузер баптауы.
2. Желі баптауы.
3. Бағдарлама сервері іске қосылды ма?

## 5. ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 5.1. Барлық орындалатын функциялардың, міндеттердің, міндеттер кешендерінің, процедуралардың сипаттамасы

Ішкі жүйе 4 модульдің жиынтығын құрайды:

- «Өтініштер журналы» модулі;
- Өтінішті өңдеу модулі;
- МҚ көрсету үдерістерінің мониторинг модулі;
- МҚ баптау модулі (әкімшіге қол жетімді).

«Өтініштер журналы» модулі Көрсетілетін қызметті берушінің Көрсетілетін қызметті алушылардың кіріс өтінімдеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Бұл модульдің функционалдығы мынадай мүмкіндіктер береді:

- Көрсетілетін қызметті алушылардан келіп түскен өтінімдерді қарау;
- нақты өтінім бойынша орындаушыны анықтау;
- өтінімдерді өңдеу мәртебесі, түскен күні бойынша іріктеу.

Өтінішті өңдеу модулі орындаушыға Көрсетілетін қызметті берушінің өтінімін өңдеудің аралық және қорытынды нәтижелерін енгізуге мүмкіндік береді. Өңделгеннен кейінгі өтінім нәтижесі Көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көріну үшін Ішкі жүйеден ЭҮП-на жіберіледі.

МҚ көрсету үдерістерінің мониторингі модулі көрсетілетін қызметті берушінің МҚ көрсету процесін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ішкі жүйе модульдерінің функцияларының толық тізбесі 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3. Ішкі жүйе модульдерінің функционалдығы

Модульдің атауы	Қол жетімді функционалдылық
«Өтініштер журналы» модулі	Көрсетілетін қызметті алушылардың келіп түскен өтініштер тізімін көрсету
	Өтініш деректерін қарау
	Өтініштерді және оларға қоса берілген құжаттардың көшірмелерін қарау
	Өтініштердің мәртебесін қарау
	Өтініштерді келіп түскен күні/ мәртебесі, түрі бойынша іріктеу
	Өтінімдер үшін жауапты орындаушыларды тағайындау
Өтінішті өңдеу модулі	Көрсетілетін қызметті алушыдан өтінішті қабылдау, қарау
	Көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша құжаттардың көшірмелерін қабылдау,

	қарау
	Өтінішті өңдеу, МҚ көрсету нәтижесін дайындау
	МҚ көрсету нәтижесіне қол қою
МҚ көрсету үдерістерінің мониторинг модулі	МҚ көрсету процесстерінің мониторингі
	МҚ көрсету мәртебесі бойынша есептерді қалыптастыру

### **5.2.Процесстерді орындау реттілігі**

Ішкі жүйедегі процесстерді орындау реттілігі:

**1) МҚ алу үшін жіберілген өтінімдерді қарау** өтініштер журналында орындалады.

**2) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын таңдау** келіп түскен өтініштер («Келіп түсті» мәртебесі) үшін жүзеге асырылады.

**3) Орындаушының өтініштер қабылдауда деректерді енгізу үшін МҚ алу үшін өтінішті қарауы.**

**4) Өтініш бойынша қабылданған шешімді тіркеу үшін МҚ бойынша шешімдерді енгізу.**

**5) Көрсетілген қызмет беруші қабылдаған шешімге байланысты МҚ көрсету нәтижесін (оның ішінде МҚ көрсетуден дәлелді бас тарту) қалыптастыру.**

**6) МҚ көрсету нәтижесін Көрсетілетін қызметті алушыға ЭҮП арқылы жіберу.**

**7) Өтінімдерді қарау мәртебелеріне бақылауды жүзеге асыру.**


### **5.3.Қарапайым пайдаланушыны Ішкі жүйемен жұмыс істеуге дайындау**

Көрсетілген қызметті алушылардың өтініштерімен жұмыс істеу процесстерін бастау үшін Ішкі жүйеге кіру қажет. Ол үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

- Компьютерде орнатылған шолғышты іске қосыңыз.
- Дербес компьютердің интернетке қосылғандығын және NCLayer бағдарламасының орнатылғандығын тексеру қажет (жоқ болған жағдайда программаны <https://pki.gov.kz/ncalayer/> сайтының сілтемесі бойынша орнату қажет).

- Іске қосылған браузердің мекенжай жолына <https://es.iac.kz/> мекенжайды енгізіңіз.


- Операциялық жүйеге кіру үшін авторизациялау диалогын ұсынады (Сурет 3):



Сурет 3. Ішкі жүйенің авторизациялау терезесі


Ішкі жүйеде авторизациялау екі жолмен мүмкін болады:

1. Логин мен құпия сөзді енгізу арқылы стандартты авторизациялау.
  - «Пайдаланушының логині» өрісіне пайдаланушының логинін, ал «Құпия сөз» өрісіне –тіркеулік жазбаңыздың құпия сөзін енгізіңіз.
  - «Кіру» батырмасын басыңыз.
2. ЭЦҚ көмегімен авторизациялау.
  - «ЭЦҚ-мен кіру» батырмасын басыңыз. Ішкі жүйеге ЭЦҚ сертификатын таңдағаннан және одан PIN-кодты (құпия сөзді) көрсеткеннен кейін кіруге болады.
  - «Файл атауы» жолында сіздің ЭЦҚ кілттері орналасқан жолды көрсету қажет (Сурет 4). Аутентификация кілтін (AUTH\_RSA) таңдап, «Ашу» батырмасын басыңыз.




Сурет 4. «Кілттерді сақтау жолы» терезесі

– Пайда болған диалогтік терезеде кілттерді сақтау жолына құпия сөзді енгізіңіз (Сурет 5).



Сурет 5. «Аутентификациялау» терезесі


Құпия сөзді дұрыс енгізген кезде аутентификациялау кілті көрсетіледі (Сурет 6).



Сурет 6. «ЭЦҚ қалыптастыру» терезесі

– «Қол қою» батырмасын басыңыз.


**Назар аударыңыз:** Қауіпсіздік мақсатында, егер деректер дұрыс енгізілмесе, Ішкі жүйе қате туралы хабарламаны шығарады (Сурет 7, Қосымша 1).



Сурет 7. Логин немесе құпия сөз дұрыс енгізілмеген жағдайдағы хабарлама

Егер сіз пайдаланушының тіркеулік жазбасының құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, Ішкі жүйенің техникалық қолдау қызметіне жүгініңіз.

ЭЦҚ көмегімен кірген кезде, егер пайдаланушы Ішкі жүйеде тіркелмеген болса, ішкі жүйе қате туралы хабарламаны шығарады (Сурет 8, Қосымша).



Сурет 8. Пайдаланушы Ішкі жүйеден табылмаған жағдайдағы хабарлама

Тіркеулік жазбаның деректерін дұрыс енгізген кезде Ішкі жүйе негізгі терезені («Өтініштер журналы») көрсетеді, бұл Ішкі жүйенің жұмысқа дайындығын растайды (Сурет 9):



АВТОМАТИЗАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ МОН РК

EMPTY EMPTY КАЗ РУС

Главная > Журнал заявлений

Журнал заявлений

НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННОГО ЭКСПОРТИРОВАТЬ

	№	Номер заявки	Тип заявки	ИИН	ФИО	Дата, время	Статус	Решение	Ответственный	Номер ПЭП
<input type="checkbox"/>	1	375787	Регистраци...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	2	375786	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	3	375785	Прием док...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	4	375784	Регистраци...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	5	375783	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	6	375782	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	7	375781	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	8	375780	Прием док...			26.10.2020 ...	В обработк...	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	9	375779	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	10	375778	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	11	375776	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	12	375777	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Получена	Нет решения		101004581...
<input type="checkbox"/>	13	375775	Прием док...			26.10.2020 ...	На подпис...	Положител...		101004581...
<input type="checkbox"/>	14	375774	Выдача сл...			26.10.2020 ...	Завершен ...	Положител...	ТУРАПХАН...	101004581...

Сурет 9. Ішкі жүйенің негізгі терезесі

#### 5.4.«Өтініштер журналы» модулі

*Мақсаты:*

1. Бұл модуль Көрсетілетін қызмет алушылардың осы қызмет берушіге келіп түскен өтініштерімен жұмыс істеуге арналған.

*Орындалу шарттары:*

1. Көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен кем дегенде бір өтінімнің болуы.

*Нәтиже:*

1. Өтінімдердің толық тізімі көрсетілген.

2. Іріктеу/ іздеу критерийлерінің талаптарын қанағаттандыратын өтінімдер тізімі (нақты өтінім) көрсетілген.

*Негізгі әрекеттер:*

1) Жауапты орындаушы нөмірі, ЭҮП нөмірі, ЖСН немесе Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты бойынша өтінімді іздеу (Сурет 10).

2) Өтінім түрі, келіп түскен күні-уақыты, мәртебесі, шешімі бойынша өтінімдерді іріктеу(Сурет 11).

3) Келіп түскен өтінімді таңдау (Сурет 10).

Главная > Журнал заявлений

Журнал заявлений

НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННОГО ЭКСПОРТИРОВАТЬ

	№	Номер заявки	Тип заявки	ИИН	ФИО	Дата, время	Статус	Решение	Ответственный	Номер ПЭП
		3860								
<input type="checkbox"/>	1	3860	Призвани...	94042130...	ӨБДІРОВ...	29.10.202...	Получена	Нет реше...		10109001...

Сурет 10. Өтініштер журналында нөмір бойынша өтінімді іздеу

**«Өтініштер журналы» модулінің интерфейсі** келесі элементтерден тұрады:

– **«ЖАУАПТЫНЫ ТАҒАЙЫНДАУ» батырмасы.** Форматы - Көрсетілген өтінім үшін жауапты орындаушыны таңдауға арналған құрал.

– **«ЭКСПОРТТАУ» батырмасы.** Форматы - өтініштер журналын Көрсетілген қызметті беруші Microsoft Excel көмегімен ашуға болатынын .xls файлына жүктеу құралы.

– **«Өтініштер журналы»** Көрсетілген қызметті берушіге келіп түскен, сонымен қатар Көрсетілген қызмет берушімен өңделген өтініштерді көрсету үшін арналады.

Модуль келесі элементтерді құрайды:

– **Өтінімді таңдау үшін жалаушыны қою.** Форматы-checkbox қосқышы. Жалауша қойылған жағдайда, бұл өтінім келесі операцияларды орындау үшін таңдалғанын білдіреді.

– **«№» бағанасы**-өтінімнің реттік нөмірін көрсететін ақпараттық жол.

– **«Өтінім нөмірі» бағанасы**-өтінім нөмірін көрсететін ақпараттық жол.

– **«Өтінім түрі» бағанасы** – МҚ тізіліміне сәйкес МҚ атауын көрсететін ақпараттық жол.

– **«ТАӘ» бағаны** – Көрсетілетін қызметті алушының тегін, атын, әкесінің атын көрсететін ақпараттық жол.

– **«ЖСН» бағанасы** – Көрсетілетін қызметті алушының ЖСН-н көрсететін ақпараттық жол.

– **«Күні, уақыты» бағанасы** – Көрсетілетін қызметті алушы өтінімінің келіп түскен күні-уақытын көрсететін ақпараттық жол.

– **«Мәртебе» бағанасы** – өтінімнің мәртебесін көрсететін ақпараттық өріс (сәтті аяқталды, қатемен аяқталды, өңдеуде, сыртқы жүйеде өңдеуде, қол қойылуда, келіп түсті).

– **«Шешім» бағанасы** – өтінім бойынша өңдеу нәтижесін көрсететін ақпараттық өріс (оң-жасыл түс, теріс-қызыл түс, шешім жоқ-ақ түс, қатемен аяқталды).

– **«Жауапты» бағанасы** – өтінім бойынша жауапты орындаушыны көрсететін ақпараттық жол.

– **«ЭҮП нөмірі» бағанасы** – ЭҮП-да берілген өтінім нөмірін көрсететін ақпараттық жол.

Главная > Журнал заявлений

Журнал заявлений НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННОГО ЭКСПОРТИРОВАТЬ

№	Номер заявки	Тип заявки	ИИН	ФИО	Дата, время	Статус	Решение	Ответственный	Номер ПЭП	
<input type="checkbox"/>	1	374959	Выдача дубликатов ...	960427301267	АҚБЕРГЕН ЕРБОЛ ...	23.10.2020 12:46	Получена	Нет решения		10100457663760
<input type="checkbox"/>	2	374206	Выдача дубликатов ...	600511300676	МАКАЖАНОВ НЫГ...	21.10.2020 15:26	В обработке	Нет решения		10100457199433
<input type="checkbox"/>	3	373760	Выдача дубликатов ...	660322401923	ЖАУМБАЕВА АЙГУ...	20.10.2020 15:50	Завершен успешно	Положительно		10100456928095
<input type="checkbox"/>	4	373382	Выдача дубликатов ...	620310400185	АСАНОВА БАТИМА ...	19.10.2020 16:44	Завершен успешно	Положительно		10100456683230
<input type="checkbox"/>	5	372998	Выдача дубликатов ...	851210400255	КЕНЖЕБАЕВА АНН...	16.10.2020 21:48	Завершен успешно	Положительно		10100456330595

Сурет 11. Өтінім түрі бойынша өтініштерді іріктеу

Келіп түскен өтінім деректерін қарау интерфейсін құрайды (Сурет 12):

– «ӨНДЕУГЕ ҚАБЫЛДАУ» батырмасы. Форматы – Көрсетілетін қызметті алушының өтінімінің қабылданғанын растауға арналған құрал.

Главная > Журнал заявлений > Заявка

Регистрация студента обучающегося за рубежом РАЗВЕРНУТЬ ВСЕ РАЗДЕЛЫ СВЕРНУТЬ ВСЕ РАЗДЕЛЫ

Номер заявки: 3832  
Статус заявки: Получена  
Результат обработки: Нет решения  
Дата заявки: 27.10.2020 14:55  
ИИН заявителя:   
Номер заявки ПЭП:   
Номер услугодателя: 17634  
БИН услугодателя:   
Услугодатель:

Сведения о Заявителе  
Адресные данные  
Сведения о документе, удостоверяющем личность  
Данные паспорта  
Сведения о заявке  
Прикладываемые документы

Сведения о Заявителе

Фамилия заявителя:

Имя заявителя:

Отчество заявителя:

Дата рождения заявителя:

Номер телефона заявителя:

e-mail заявителя:

Адресные данные

Страна: КАЗАХСТАН

Область:

Район: АКСЖАЙСКИЙ РАЙОН

Населенный пункт: АКСЖАЙСКИЙ РАЙОН

Улица: УЛИЦА АБай

Дом: 56

Сурет 12. Келіп түскен өтінім деректерін қарау интерфейсі

### 5.5.Өтінішті өңдеу модулі

*Мақсаты:*

1. Бұл модуль Көрсетілетін қызметті алушының осы Көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен өтінішін өңдеуге арналады.

*Орындалу шарттары:*

1. Көрсетілетін қызметті алушыдан келіп түскен кем дегенде бір өтінімнің болуы.

*Результат:*

1. «Келіп түсті» мәртебесі бар қандай да бір өтінімді орындауға жауапты тұлға тағайындалды.

2. Өтінім өңдеуге қабылданды

3. Өтінім оң өңделді / өтінім теріс өңделді.

*Негізгі әрекеттер:*

1) «Келіп түсті» мәртебесіндегі өтінім үшін жауапты орындаушыны тағайындау:

- Келіп түскен өтінімді таңдау (Сурет 13).
  - Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерін таңдау (Сурет 14).
  - Өтінімді қабылдауды растау (Сурет 15).
- 2) Жауапты орындаушыда өтінімді көрсету.
- 3) МҚ көрсетудің оң / теріс нәтижесін қалыптастыру (Сурет 16).

Главная > Журнал заявлений

Журнал заявлений НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННОГО ЭКСПОРТИРОВАТЬ

№	Номер заявки	Тип заявки	ИИН	ФИО	Дата, время	Статус	Решение	Ответственный	Номер ПЭП
<input checked="" type="checkbox"/>	1	374959	Выдача дубликатов ...		23.10.2020 12:46	Получена	Нет решения		
<input type="checkbox"/>	2	374206	Выдача дубликатов ...		21.10.2020 15:26	В обработке	Нет решения		
<input type="checkbox"/>	3	373760	Выдача дубликатов ...		20.10.2020 15:50	Завершен успешно	Положительно		
<input type="checkbox"/>	4	373382	Выдача дубликатов ...		19.10.2020 16:44	Завершен успешно	Положительно		
<input type="checkbox"/>	5	372998	Выдача дубликатов ...		18.10.2020 21:48	Завершен успешно	Положительно		

Сурет 13. «Жауапты орындаушыны тағайындау үшін өтінімді таңдау» интерфейсі

Журнал заявлений

Журнал заявлений

НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННОГО


Номер заявки	Тип заявки	ИИН	Решение	Ответственный
374959	Выдача дубликатов ...	960427301	Нет решения	
369006	Выдача дубликатов ...	870226401	Положительно	
369005	Выдача дубликатов ...	670917400	Положительно	
368107	Выдача дубликатов ...	840127400	Положительно	
367452	Выдача дубликатов ...	790225300	Положительно	
367443	Выдача дубликатов ...	860506400	Положительно	
365266	Выдача дубликатов ...	870520402	Положительно	УЛЖАН СУРМАНОВ...
364598	Выдача дубликатов ...	960814400	Положительно	УЛЖАН СУРМАНОВ...

Назначить ответственного


- БАҒАШАР ЖҰМАЖАНОВ
- БОТАГӨЗ БОЛАТБЕК
- БАҒАШАР ЖҰМАЖАНОВ
- ГУЛИЯ ТОКТЫБАЕВА
- КАМИЛЯ АМЕНОВА
- УЛЖАН СУРМАНОВА
- БАҚЫТ АМАНСЕЙКОВА

НАЗНАЧИТЬ ОТВЕТСТВЕННЫМ

Сурет 14. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкерін таңдау



Сурет 15. Келіп түскен өтінімді қабылдау



Сурет 16. Өтінімді қабылдағаннан кейінгі өңдеу интерфейсі

Өтінімді қабылданғаннан кейінгі өңдеу интерфейсі келесі элементтерді қамтиды:

– «САҚТАУ» батырмасы. Форматы-Көрсетілетін қызметті алушының қабылданған өтінімінің деректерін сақтауға және кейіннен жауапты орындаушыға беруге арналған құрал.

– «ОҢ ӨҢДЕУ» батырмасы. Форматы-МҚ көрсетудің оң нәтижесінің деректерін енгізуге арналған құрал.

– «ТЕРІС ӨҢДЕУ» батырмасы. Форматы-МҚ көрсетудің теріс нәтижесінің деректерін енгізуге арналған құрал.

## 5.6. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерінің мониторинг модулі

